



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

28.01.2022 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№3

город Алматы

### «Ashyq» жобасының объектілері бойынша

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуын одан әрі болдырмау мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 104-бабының 2, 3, 5, 7-тармақтарына және Қазақстан Республикасы ведомствоаралық комиссиясының 2022 жылғы 27 қаңтардағы шешіміне сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің міндетін атқарушының «Ashyq» жобасын іске асыру туралы 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 7 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД м.а. 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 7 қаулысы) сәйкес объектілерде «Ashyq» жобасын енгізу және іске асыру жалғастырылсын, оның ішінде:

1) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін жұмыс және демалыс күндеріндегі жұмыс уақыты белгіленбейді;

2) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін ҚР БМСД м.а. 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 7 қаулысының 4-қосымшаға сәйкес, келушілер

мәртебелері бейтарап («көк») немесе қауіпсіз («жасыл») болған жағдайда, өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес:

- «жасыл» аймақта (төмен эпидемиологиялық қауіп) – шектеусіз қызмет;
- «сары» (орташа эпидемиологиялық қауіп) және «қызыл» (жоғары эпидемиологиялық қауіп) аймақтарында - объектілердің толтырылуына шектеулер қойыла отырып;

3) ҚР БМСД м.а. 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 7 қаулысының 5-қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін, қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз («жасыл») мәртебесі болған жағдайда (вакцинациялау немесе ревакцинациялау, сынама алған сәттен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде), эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес эпидемиологиялық тәуекел аймағына қарамастан, барлық өңірлерде («жасыл», «сары», «қызыл») қызметі шектеусіз;

2. Штаттық режимде оқыту форматына рұқсат берілсін:

- мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардың өтініштері бойынша;
- жалпы білім беретін мектептерде 600 оқушыға дейінгі қоса алғанда;
- 1-4 бастауыш сыныптар (халықаралық мектептерде 5-6 сыныптар);
- саны 600-ден астам оқушысы бар мектептерде - мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктемемен;
- мектептен тыс ұйымдарда;
- колледждер мен жоғары оқу орындарында - аралас форматта: практикалық, зертханалық, семинарлық сабақтар, өндірістік практика - икемді кесте бойынша штаттық режимде, дәрістер - онлайн;
- білім беру ұйымы әкімшілігінің қалауы бойынша вакцинациялаудың толық курсы алған оқушыларды штаттық форматта оқытуға жол беріледі.

3. КВИ науқастарымен байланыста болған адамдарға қатысты мынадай шектеулер мен рұқсаттарды қамтамасыз ету:

- егер екінші компонентті алғаннан кейін 6 айдан аспаған болса, ревакцинацияны немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғаны туралы құжаттық растау болған жағдайда үй карантиніне оқшауланбайды;
- 7-ші күні COVID-19-ға ПТР әдісімен тексеру жүргізіледі, ПТР-зерттеудің теріс нәтижесі кезінде үй карантині аяқталады;
- егер 7-ші күні COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізілмесе, үй карантині оқшауланған сәттен бастап 10 тәулік өткенге дейін жалғасады;
- Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің шектеу шаралары бойынша 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 4 және

«Ashyq» мәртебесін өзгерту бойынша 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 5 қаулыларының талаптары коронавирустық инфекцияның симптомсыз ағымы бар науқастарға да қолданылады.

4. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 22 қаңтардағы № 2 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Қ. Әбдіжаббарова**